

Ембі ТЫНЫСЫ

№19 (59)

қазан

2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

«PRIMARIES 2020»: ЕМБІЛІКТЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ



Елдің саяси өміріндегі маңызды оқиға – «Nur Otan» партияшыл сайлау шарасы «Primates 2020» өзінің мәресіне жетті. Атырау облысы бойынша дауыс беру көрсеткіші 94,4 пайызды құрады. Бұл – республика бойынша жоғары көрсеткіш.

Праймериз шарасы – кез-келген партияның мүшелері өз қатарластары арасында үздіктерді ғана іріктейтін саяси сайыс. Сапа жағынан партияның құрамын жақсартуға жасалған игі қадам. Әлемдегі өркениет елдерінде кең тараған әдіс. «Nur Otan» партиясы Праймериз арқылы өздерінің қатарларынан сұрыптау жасап, мәслихат пен Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне таңдаулы үміткерлерін ұсынбақшы.

Елдегі пандемия жағдайына орай, дауыс беру үшін арнайы мобильді қосымша дайындалып, үміткерлерге онлайн форматында дауыс беру ұйымдастырылды.

Саяси додаға «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 13 қызметкері үміткер ретінде қатысып, өздерінің сайлауалды бағдарламаларын жасақтап, сайлаушылары алдында ашық пікірталасқа шықты.

Праймериздің үміткерлерге қоятын басты талабының бірі – сайлаушылар алдында дебатқа шығу болатын. Онда әрбір үміткер өздерінің Праймеризге қатысудағы мақсаттарын ашып айтып, алдағы уақыттағы қолға алар тың жобалары туралы жан-жақты баяндады. Праймеризге қатысқан ембілік үміткерлер сайлаудың қорытындысы бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, дауыс жинау қорытындысы бойынша алғашқы орындарды иемденді.

«Primates 2020» сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, **Мақат ауданы бойынша** алдыңғы үштікті ембіліктер иеленді.

Сәлімжан Нақпаев, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, дауыс берген сайлаушылар саны - 964 адам, 52%;

Серік Әбдиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығы, дауыс саны -703 адам, 38%;

Рүстем Абшеев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары, дауыс саны - 525 адам, 28%.

Жылыой ауданы бойынша:

Топ бастаған **Сырымбек Сарсембаев**, «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ Кәсіподақ ұйымының төрағасы, дауыс саны - 1228 адам, 40%;

Исатай ауданы бойынша:

Топ бастаған **Сәкен Шарапиден**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Өндірістік-техникалық бөлім басшысының орынбасары, дауыс саны - 902 адам, 42 %; үшінші орында **Жасұлан Құлғалиев**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Орталық инженерлік-техникалық қызметі басшысының орынбасары, дауыс саны - 772 адам, 36%.

Қызылқоға ауданы бойынша:

2-орында **Еркінбек Мырзашев**, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кәсіподақ ұйымының төрағасы, дауыс саны - 880 адам, 46 %;

Бесінші орында **Қуаныш Айтуғанов**, «Қайнар-мұнайгаз» МГӨБ Өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы, дауыс саны - 736 адам, 39%.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Өндірістік бөлімшелердегі қауіпсіз күндер

Әдеттегідей назарларыңызға Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер бойынша жазатайым оқиғасыз күндер кестесінің есебін ұсынып отырмыз.

Ағымдағы жылдың 3 тоқсанының қорытындысына сәйкес, 1848 күнді қауіпсіз жағдайда өткізген «Ембімұнайэнерго» басқармасы алда келсе, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (1261 күн) мен «Доссормұнайгаз» МГӨБ (649) – алғашқы үштікте.

2020 жылғы 1-қазандағы мәлімет бойынша:

«Ембімұнайэнерго» басқармасы – **1848 күн**

ӨТҚЖЖК – **602 күн**

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ – **1261 күн**

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ – **259 күн**

«Доссормұнайгаз» МГӨБ – **649 күн**

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ – **370 күн**

«Самұрық-Қазына» компаниялар тобының сатып алуларында алдын ала біліктілік іріктеудің жаңа моделі енгізілді



«Самұрық-Қазына» компаниялар тобының сатып алуларында алдын ала біліктілік іріктеу тегін болды. «Самұрық-Қазына» жеткізушілерін іріктеу рәсіміне өзгерістер енгізілді - алдын ала біліктілік іріктеу өту уақыты барынша қысқартылды, процестің ашықтығы артты және сатып алудың елеулі көлемі бәсекелес ортаға берілді. Бұл туралы «Самұрық-Қазына» ЖШС Бас директоры Нұрлан Мұханов мәлімдеді.

Осы жылдың 14 қыркүйегінен бастап zakur.sk.kz порталында алдын ала біліктілік іріктеуің жеке кабинетінде ПКО 2.0 моделі арқылы өтініш беру мүмкіндігі бар. Бұл ретте қолданыстағы ПКО-1.0 моделі бойынша рәсімдер осы жылдың 15 қыркүйегінен бастап тоқтатылды, бірақ

олардың арасында сатып алу 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілетін болады.

Н. Мұхановтың айтуынша, ПКО-2.0 жаңа моделі жинақталған тәжірибені, сондай-ақ бизнес пен тапсырыс берушілер тарапынан ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып әзірленген.

- Алдын ала біліктілік іріктеудің қолданыстағы моделінің өзгеруінің негізгі себептері жеткізушілер үшін жоғары құн, сауалнамалардағы жеткізушілерге қойылатын сұрақтардың ауқымды саны, сондай-ақ, ПКО рәсімінен өту сатып алу сапасына толық көлемде кепілдік бермегені сияқты факторлар болып табылды, - деп Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС Бас директоры Нұрлан Мұханов түсіндірді.

Біліктілік іріктеуден өткен өнім берушілердің саны 4 мыңнан асса, олардың 50%-ы іс жүзінде сатып алуға қатыспайды және өнім берушілердің 30%-дан азы белсенділік танытқанын Н. Мұханов ПКО 1.0 талдауы негізінде атап өтті.

ПКО 2.0 жаңа моделінің басты ерекшелігі – оның қол жетімділігі және тегін өту мүмкіндігі. ПКО 1.0. бұрынғы модельде алдын ала біліктілік іріктеуді өту үшін ықтимал жеткізушілер шамамен 1 млн теңге жұмсауы қажет болды. Бұл қаражат біліктілік органының және тәуелсіз аудиторлық ұйымның тарифтерінен, сондай-ақ, қосымша құжаттарға арналған шығындардан тұрды. ПКО 2.0 моделінде аудит жүргізу қауымдастықтар мен Қордың еншілес тәуелді ұйымдарын және

«Атамекен» ҰҚП салалық мамандарын тарта отырып, алқалы түрде жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, уақытты қысқарту және әлеуетті жеткізушілердің ПКО процесін өтуді оңтайландыру үшін сауалнамаларда тек санаттың ерекшелігіне бағытталған оннан аспайтын сұрақ болады. ПКО 1.0-де сауалнамадағы сұрақтар саны 289 болатын.

Сондай-ақ, Н. Мұхановтың айтуынша, ПКО 2.0 моделі тапсырыс берушілер әзірлеген санаттар бойынша жүзеге асырылады. Санаттар Қордың арнайы комиссиясы бекітетін, сондай-ақ салалық қауымдастықтармен немесе «Атамекен» ҰҚП-мен келісілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жиынтығын және әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік өлшемшарттарын ұсынады. Бекітілген санаттар және талаптар <https://www.sk.kz/ru/projects/pko/> сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылған және кейіннен жаңа санаттардың бекітілуіне қарай кеңейтілетін болады.

Н.Мұханов ПКО 2.0 жаңа моделінде сыни деңгей мен рейтингтік жүйеден бас тарту туралы шешім қабылданғанын атап өтті. Бұған дейін ықтимал өнім берушілер жоғары рейтинг (балл) үшін «ұмтылуға» түсіп, консалтингтік компанияларға жүгінуге мәжбүр болатын.

- Білікті жеткізушілер арасындағы сатып алулар салалық ерекшелігі бар жекелеген маңызды тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге (ТЖҚ) ғана бағытталатын

болады. Бұл санаттардың едәуір бөлігін ашық бәсекелестік ортаға беруге мүмкіндік береді, - деп атап өтті Нұрлан Мұханов.

Баяндама соңында, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС басшысы ПКО 2.0 жаңа моделі қолданысқа енгізілгенге дейін алдын ала біліктілік іріктеуден өткендер бірқатар артықшылықтарға ие болатынын айтты, атап айтқанда:

- сатып алынған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге төндерлік өтімді ұсынудан босату және барлық біліктілік критерийлеріне сәйкестік деңгейі минимумнан төмен емес (жалпы сатып алуларға қатысқан кезде);

- жалпы негіздерде сатып алуға қатысқан жағдайда және төндерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған жағдайда, ПКО 1.0 өткен өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

Естеріңізге сала кетейік, алдын ала біліктілік іріктеу рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алуларына 2016 жылы енгізілген болатын. Рәсім компаниялар тобының сатып алуларына қатысу үшін өнім берушілердің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді көздейді. Айта кетейік, «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы өліміздегі тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің ірі тапсырыс берушілерінің бірі. Тек 2018-2019 жылдар ішінде бәсекелестік ортаға 819 млрд теңге сомаға тапсырыстар берілді. 17 мыңнан астам ШОБ субъектісі сатып алуға қол жеткізді.

www.sk.kz

КМГ Инжиниринг успешно запустил программу «Главный геолог»

Программа «Главный геолог» направлена на развитие технических компетенций ведущих специалистов-геологов, а также на поиск альтернативных решений существующих геологических проблем месторождений компании.

Участниками обучения стали 24 специалиста-геолога из АО «Эмбаунайгаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Мангистаумунайгаз», АО «Каражанбасмунай», ТОО «КазГерМунай», ТОО «Казхатуркмунай», ТОО «Казохойл Актобе», ТОО «Женис Оперейтинг» и КМГ.


22 сентября стартовала программа модульного обучения «Главный геолог». На открытии программы с приветственной речью выступил заместитель председателя Правления АО НК «КазМунайГаз» по разведке и добыче Жакып Марабаев и заместитель генерального директора КМГ Инжиниринг по геологии Асылжан Даулетов.

Программа «Главный геолог» направлена на развитие технических компетенций ведущих специалистов-геологов, а также на поиск альтернативных решений существующих геологических проблем месторождений компании.

Участниками обучения стали 24 специалиста-геолога из АО «Эмбаунайгаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Мангистаумунайгаз», АО «Каражанбасмунай», ТОО «КазГерМунай», ТОО «Казхатуркмунай», ТОО «Казохойл Актобе», ТОО «Женис Оперейтинг» и КМГ Инжиниринг.

В рамках обучения участники смогут усовершенствовать свои знания не только в области геологии, разработки, бурения, обустройства месторождений, но и развить свои лидерские качества. Практической ценностью программы «Главный геолог» является разработка участниками проектных работ с дальнейшим внедрением их на производстве.

www.munailymeken.kz



Қала күні

Көркейіп, гүлдене бер, Атырауым!

Еуропа мен Азияның арасын жалғап, талай тарихи оқиғаны бастан кешірген Атырау өлкесі өткен аптада қайта бір түлегендей күйге енді. Ақ Жайықтың жағасы, көрі Каспийдің сағасындағы Атырау қаласының 380 жылдығына орай облыс орталығында бірқатар шаралар өтті. Соның бірі – «Балықшы» саябағындағы тал егу акциясы.

Бұл шараға Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов, Атырау қаласының әкімі Қайрат Оразбаев, аймақтағы жетекші мұнай-газ операторлары мен кәсіпорындар басшылары, соның ішінде, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан да қатысты.

Атырау қалалық әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, аталған аумақта саябақ жасақтау ұсынысы Атыраудың қоғам белсенділері тарапынан түскен. Қалалық әкімдік бұл ұсынысты қабыл алып, осы мақсатқа 2 га жер аумағын бөлді. Аталған акция аясында саябақ аумағына 380 тал шаған мен жеміс ағаштары егілді. Ал, суландыруды қалалық әкімдіктің қолдауымен атыраулық эко-белсенділер жүзеге асырады.

Жалпы өткен демалыс күндері мұнайлы астананың құрылғанына 380 жыл мерейтойы аясында Атыраудың әр ауданында 4 000 тал егілді.



«Жайықмұнайгаз» - жаңа өрт сөндіру техникалары



«Ембімұнайгаз» АҚ үшін маңызды саналатын құндылық – жұмысшылардың қауіпсіз ортада алаңсыз жұмыс жасауына жағдай жасау. Соның бір айғағы ретінде ағымдағы жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не АЦ-40 бес тонналық екі жаңа өрт сөндіру техникасы алынған.

300 литр көбік түзетін арнаулы техникалар Евро-5 стандарты бойынша баспалдақ, өрт сөндірушілерге арналған жабдықтар, гидроэлеватор, генератор, күрек, электр желілерін кесуге арналған жабдықтар комплекті, электр сорабы, және тағы да басқа барлық қажетті қосымша құралдармен, тыныс алу аппараттарымен толықтай жабдықталған.

Айта кетейік, Компания бойынша нысандарды өрттен қорғау, өрттің алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, өрт сөндірумен байланысты бірінші кезектегі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу қызметтерін мердігер мекеме «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС жүзеге асырады.

- Техникаларды ағымдағы жылдың маусым айында қабылдап алдық. Алдын ала сынақ жұмыстары жүргізілді. Жалпы,

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша бұған дейін 4 өрт сөндіру техникасы қызмет етті. Евро-2 стандартты 8 тонналық екі «КАМАЗ-дың» пайдалану мерзімі аяқталған соң, тиісті қоймаға тапсырылды. Қалған екеуі – Оңтүстік-батыс Қамысты (Евро-4 стандартты) және Забурин кең алаңдарында (Евро-2 стандартты). Ал жаңа техникалар С.Балғымбаев кен алаңы аумағына орналастырылды, - дейді «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС-нің «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев өрт сөндіру бөлімінің бастығы Бейімбет ҚЫДЫРАЛИН.

Өткен аптада басқарманың аталған өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері тыныс алуға жарамсыз ортада адамдарды және мүлкті құтқару үшін қолданылатын драйверлермен (арнайы баллондармен, панорамалық маскамен жабдықталған тыныс алу құралдары) толықты.

Мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімінің инженері Ерлан СЕРІКБАЕВ бізбен әңгімесінде әрбір күнделікті жұмыс күні жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтап, оны қамтамасыз ету



мақсатымен басталатынын айтады.

- Компанияның алға қойған мақсаты айқын. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының «Алтын ережелерін», «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасын басшылыққа ала отырып, нақты іс-шаралар жоспары бекітіліп, ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Ең бастысы, жұмысшылар үшін барлық қолайлы жағдай жасалып отыр, - дейді ол.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы С.Балғымбаев кен орнының жерасты жөндеу цехында 3 бірлікті арнайы техниканы жөндеуге арналған гараж

құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген болатын.

- Гараж тұрағы, сонымен қатар, арнаулы көлік жөндеуге де арналған. Бұл бағытта барлық қауіпсіздік жүйелері басшылыққа алынды. Айта кетерлігі, өзге цехтардағы сынды мұнда да өрт сөндіру стансасы жүйеге қосылып отыр. 300 текше метрлік арнаулы екі су қоймасы орнатылып, өрт сөндіру сораптары арқылы тиісті қысымдарын көтеріп, 4 өрт сөндіру гидранты мен ішкі өрт сөндіру қрандары арқылы пайдаланылады. Көліктердің аккумуляторын қуаттайтын арнайы жабдықталған орың, ауа айналымын қамтамасыз ететін сорап жүйесі, автоматты өрт қабылдағыш жүйесі және басқа да шаралар толық қарастырылған, - дейді Е.Серікбаев.

Оның айтуынша, басқармада өртке қарсы оқу-жаттығу жиындары бекітілген кестеге сай өтіп тұрады. «Апат айтып келмейді» дегендей, жуырда осындай жаттығу жиыны өтіп, техникалардың талапқа сәйкестігі, «Семсер Өрт сөндіруші» ЖШС қызметкерлерінің дайындығы тағы бір мәрте пысықталған.

Кен орнының екінші тынысы

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Гран кен орнында №78 ұңғымада да горизонталды бұрғылау жұмыстары басталды.

Айта кетейік, 1949-1959 жылдары аралығында жүргізілген сейсмикалық жұмыстар мен зерттеулердің арқасында мұнай көзінің шоғырлануына ыңғайлы қабат табылған болатын. Ал, 1968 жылы ортаңғы юра қабатының «қара алтынға» толы екені дәлелденді. Сөйтіп, 1968-1971 жылдары аралығында қазылған 18 іздеу-барлау ұңғымасының қазылуы нәтижесінде кен алаңының ортаңғы юра қабатында жеті мұнай қабаты және төменгі бор қабатында бір мұнайлы қабат анықталды. 1973 жылы аталған кен алаңы бастап игерілуге берілген болатын.

- Бекітілген игеру жоспары бойынша, 1977-1978 жылдары 10 игеру ұңғымасы қазылды. Қазіргі таңда ұңғыма қоры 64-ке жетті. Оның ішінде, өндіру қоры – 3 5 ұңғыма. Ал, сулану деңгейі 18 пайызға жетті. Әрине, суланудың орын алуы – Гран сияқты терригендік кен орындарында табиғи заңдылық және ол қазіргі таңда ең басты проблемаға айналып отыр. Осы мәселелерді шешу мақсатында компанияда ауқымды шаралар жүргізілуде.

Нақтырақ тоқталатын болсақ, 2019 жылы басқарма тарихында айтарлықтай жаңалық болды. Ол – С.Балғымбаев кен алаңының 1 неокм қабатына қазылған 242 горизонталды ұңғымасы болатын. Игерудің соңғы сатысындағы кен орнында 1 горизонталды ұңғыма қазу арқылы біз үйренген тік ұңғымадан 4-5 есе артық нәтижеге қол жеткіздік. Бұл – үлкен жетістік. Сондықтан, осы жылы басқарма бойынша 6 горизонталды ұңғыма қазылу жоспарланды. Соның бірі – Гран кен орнында қазылған №76 ұңғыма болатын, - дейді «Жайықмұнайгаз» МГӨБ геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімі бастығының орынбасары Нұрсұлу ОСПАНОВА.

Аталған әдіспен қазылған ұңғымадан да күтілгендей оң нәтижеге қол жеткізілді. «Кенеттен, тағы бір кен

орнын ашқандай күй кешіп, «төбеміз көкке жетті» дейді мамандар. Жоспар нәтижемен сәйкес келіп, 550-560 метр тереңдікте жатқан Ю-6 қабатында мұнай көзі бар деп жоспарланса, нақты №76 ұңғыманың көлденең бұрғылау жұмыстары 986 метрге қазылып, табиғи күшімен атқылаған мұнай бұрқағына қол жеткізілді.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на сапар барысында біз Гран кен орнына барып, аталған әдіс бойынша бұрғыланып жатқан №78 ұңғыманың жұмысымен таныстық.

- №78 ұңғымада американдық бұрғылау қондырғысы қолданылуда. Горизонталды бұрғылау жұмыстары ағымдағы жылғы 27-қыркүйекте басталды. Құбыр тереңдігі 30 метрді, техникалық құбыр тереңдігі 170 метрді, эксплуатациялық колонна тереңдігі 650 метрді құрайды. Ал, горизонталды бұрғылау тереңдігі 656 метрден 1562 метрге дейін. Бұл әдістің артықшылығы өнім көзін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда вахталық әдіспен 40-қа жуық адам бұрғылау учаскесінде еңбек етуде. Сонымен қатар, қосылқы компаниялармен бірігіп жұмыс жасаймыз. Бекітілген кесте бойынша, 30 күннің ішінде жұмысты толық тапсыруымыз керек. Жұмыс жоспарға сәйкес, кесте бойынша жүруде, - дейді **№6 бұрғылау бригадасының басшысы Бақтыбек ӘБІЛАЛИЕВ.**

Мамандардың айтуынша, қолға алынған бұл әдіс кен орнының екінші тынысын ашуға септігін тигізді.

- Әрине, бұл – жаңа технология емес. Бірақ, оң нәтиже көрсетсе, кен орындарымызда неге қолданбасқа?! Ең маңыздысы, өндірілетін мұнай қорын көбейту емес, кен орнының өмір жасын ұзарту және басқа қабаттарға зиян келтірмей өнім өндіру. Экологиялық тұрғыдан бұл аса маңызды мәселе шешімін тапты деуге болады, - дейді Н.Оспанова.



ҒҰМЫР ҒАЙЫП...

Майталман мұнайшы, адал дос, қимас бауыр, ардақты жар, асқар тау әке Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлының мезгілсіз дүниеден озғанына бір жыл уақыт болыпты. Өзінің бар саналы ғұмырын еліміздің мұнай-газ саласының дамуына арнаған кәсіби маман көптеген компанияларда әр түрлі деңгейдегі лауазымдарды атқара жүріп, еңбегінің нәтижесін де көре қалды. Оның еңбегі, адами болмысы, жалпы, өмір жолы туралы төмендегі естеліктерден танысуға болады.

Үлкен мақсаттың иесі болатын

Абат Ақмұқанұлы Нұрсейітов 34 жылға тарта еңбек етілінің 20 жылдан астамын еліміздің мұнай-газ өндіру саласының дамуына арнады. Түрлі мекемелерде әр түрлі деңгейдегі лауазымдарды абыроймен атқара білді. Мен солардың арасынан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры болған кезеңіне қысқаша тоқталғым келеді.

Отандық мұнай өндіруші компания - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ын басқарған кездерде ол өндірістік-техникалық жағырту жұмыстарын жан-жақты жүргізуге ерекше мән берді. Техникалық қайта жарақтандырудағы негізгі мақсат – мұнай өндірісін арттыру болатын. Осы орайда, отандық мұнай компаниясы 3 жылға арналған жаңа өндірістік бағдарлама бекіткен еді. Осы бағдарламаның бір бағыты – өндірістегі іспесе газдың жайын реттеу, сол арқылы мұнайлы өңірдегі экологиялық проблемалардың тиімді шешімін табуына жол ашу болды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты С.Балғымбаев пен Шығыс Мақат кен алаңдарында іспесе газды көдеге аудару қондырғылары орнатылып, іске қосылды. Нәтижесінде өндірістің екінші тынысы ашылып, өнім өндіру көрсеткішін айтарлықтай арттыруға қол жеткізілді.

Жаңа кен орындарын барлауға инвестиция тарту мәселесі күн тәртібіне көтеріліп, отандық кәсіпорына таза пайда әкелетін геологиялық барлау жобаларына серіктестіктер тартыла бастады. Өздеріңіз жақсы білесіздер, геологиялық барлау – көп қаражатты қажет ететін ауқымды жұмыс. Бұл орайда отандық компания – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ халықаралық тәжірибелерге көбірек көңіл аударды. Халықаралық тәжірибесі бар мамандарды жұмысқа тартуға жоғары мән берілді. Мұның бір тиімділігі – жергілікті мамандардың біліктілігін арттыру, олардың кәсібиліктерін жоғары деңгейге көтеру мәселелері тиісті шешімін тапты.

Жаңа активтерді сатып алу арқылы көмірсутегі қорын толықтыру жұмысы да жақсы жолға қойылды. Сол уақыттарда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да жақсы жолға қойылған шараның бірі ішкі коммуникацияны дамыту жайы болатын. Жұмысшыларды алаңатқан мәселелердің басшының назарына жетел жетудің тетіктері қарастырылды. Сол кездерде жұмыс беруші мен жұмысшының арасында дұрыс қарым-қатынас орнатуға нық қадамдар жасалды деп үлкен сеніммен айта аламын. Отандық мұнай компаниясының өңшлес мекемелері арасында өнер, мәдениет, спорт сайыстарының тұрақты ұйымдастырылуы да ішкі байланысты нығайтудың бір тетігі еді. Міне, осы және басқа да көптеген мәселелердің шешілуінің басы-қасында жүрген Абат Ақмұқанұлының еңбегі ұмытылмақ емес.

Абат Ақмұқанұлы Қазақ политехникалық институтын мұнайшы мамандығы бойынша бітіріп келгеннен кейін, еңбек жолын Жетібай кен орнында мұнай операторы болып бастады. Ұзақ жылдар бойы мұнай саласында кәсіби біліктілігін өмірлік тәжірибесімен ұштастыра отырып, өндірісте пісіп жетілді. Мұнай өндіру ісін қыр-сырын жетік меңгерген Абат Ақмұқанұлы мұнай саласында түрлі жауапты лауазымдарды үлкен абыроймен атқара білді. Еңбек адамына ерекше көңіл бөліп, олардың жұмыс жасауына лайықты жағдай туғызды. Жұмысшылармен жиі кездесіп, кәсіподақ өкілдерімен келіссөздер жүргізіп, олардың айтқан етініштеріне құлақ асып, жұмысшылардың өндірістегі тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында қыруар жұмыстар атқарды. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры қызметін атқарып жүрген тұста мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында арнайы бағдарлама қабылдап, қаншама кен орындарына жаңа вахталық поселкелер, шаруашылық нысандар салынды. Онымен қоса, өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында Өзен кен орнында бірқатар өндірістік нысандар іске қосылды.

Табысты еңбек бағалануымен құнды ғой. Абат Ақмұқанұлы мұнай-газ секторындағы табысты еңбегі үшін «Құрмет» орденімен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «Қазақ мұнайына 100 жыл», «Қазақ мұнайына 120 жыл» медальдарымен марапатталды.

Мен Абат Нұрсейітовты есіме алсам, ылғи да болашаққа үлкен мақсат қоя білетін, дйттеген нәтижеге кеткенше тыным таппайтын

еңбекқор азаматтың бейнесі көз алдыма келеді. Арамызда аман жүрсе, әлі талай биік белестерді бағындырар еді. Әріптесімздің отандық мұнай-газ өндірісін дамытуға қосқан сүбелі үлесі, мол еңбегі ешқашан да ұмытылмақ емес. Оның жарқын бейнесі біздің есімізде мәңгі сақталады.

Жақып МАРАБАЕВ, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары.

Досымның бейнесі менің жадымда

Абат Ақмұқанұлы екеуіміз – замандаспыз, бір ауылдың түлегіміз. Бір кезеңде білім алып, алған тәрбиеміз ұқсас болғандықтан да, біздің өмірге деген көзқарасымыз да, алға қойған мақсат-мүддеміз де ортақ болды. Мен – мақаттықпын, ол Доссор көптінен. Алайда, екеуіміз Маңғыстау облысында кездесіп, таныстық. Бір-бірімізбен тез араласып кетуіміздің себебі екеуіміздің бір мұнайлы өңірдің тумасы болуымызбен қатар, біздер - мұнайшының балаларымыз. Мұнайшылық мамандыққа деген сүйіспеншілігіміз сол туған жерден, ата-анамыздың еңбегіне деген мақтанш сөзімізнен басталса керекті. Жоғары оқу орнын жаңа ғана бітіріп келген жас мамандар ретінде Маңғыстау өңіріндегі «Жетібаймұнай» МГӨ басқармасында еңбекке араластық. Екеуіміз де жаспыз, алдымызда биік мақсаттар, асқақ арман қысқасы болашаққа жарқын-жарқын жоспарлар жасайтынбыз.

Таныстығымыз үлкен жолдастыққа, сыйлас достыққа ұласты. Үйленіп, шаңырақ көтергенде, алғашқы сөбілі болғанымызда бір-біріміздің қуанышымызды шынайы көңілмен бөлісе білдік.

Кейін жаңадан ашылған «Құмкөл-Лукойл» бірлескен кәсіпорында бірге еңбек еттік. Қызмет барысында туындаған қандай да ма сөзге болмасын кеңесіп, ақылдасып шешетінбіз. Қазақстан мен Ресей арасындағы әріптестік байланысты нығайтқан бірлескен кәсіпорында еңбек ете жүріп мол тәжірибе жидық, үйрендік, ысылдық. Кейін үлкен орталарда абыроймен қызмет етсек, әрдайым сол бірлескен кәсіпорыннан алған

аздаған балы жетпей оқуға қабылдана алмай, ауылға қайтты. Келсе сала жұмысқа түрді. Бір жыл бойы жоғары оқуға дайындалды. Бір жылдан соң, ол қайтадан Алматыға бағыт алды. Бұл жолы оқуға түсті, мен ескерге шақырылдым. Жырақта жүрсек те, хабарымыз үзілмеді. Хат жазысып, амаңдық біліп тұрдық.

1985 жылы мен үйленгенде арнайы тойымызға келген.

Биыл мектеп бітіргенімізге 40 жыл Абат аман болса, сол 40 жылдық шараның бел ортасынан табылар еді. Ол – біздің белсендіміз болды ғой. Барлық мерекелік шараны жандандырып жіберетін. Өттең, өмір жасы қысқа болды. Қоғамға, өзінен кейінгі буынға әлі де берері мол саналы азамат еді!

Сисенбей ТҰРҒАНБАЕВ, ағашқы әріптесі: Жасындай жарқ еткен ғұмыр

Біз Абат екеуіміз алғашқы еңбек жолымызды Доссордағы жол жөндеу - ДРСУ-74 мекемесінен бастадық. 1980 жылы орта мектепті бітіріп, екеуіміз де жоғары оқу орнына түсу емтихан-сынағынан өте алмай, ауылға оралып, еңбекке араластық. Сол жерде таныстық. Ол кездерде Гурьев (Атырау)-Құлсары-Мақат-Байшонас бағыттарында асфальт төселіп жатқан еді. Міндетіміз – құрылыс материалдары тиелген көліктердің бортын ашып-жауып, материалдың тиісті жеріне орналастыру ұйымдастыру. Тамыз айының кезі, аптап ыстық. Айнала шаң-топырақ. Сондай кездердің бірінде Абат басшылармен болған

тапсырды. Ол кезде ақылы оқу бөлімі деген жоқ, тек үлгерімі жоғарылар ғана студент атанатын. Біз бәріміз Абаттың студенттер қатарына қабылданынына шүбе келтірмедік. Себебі, ол сабақты бәрімізден де өте жақсы оқыды. Әкесі – мектеп мұғалімі, Доссордағы Абай атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Ақмұқан ағамыз өмірден ерте озды, Абат әкесі қайтқаннан соң маған тез ержетіп кеткендей болды.

Қайда жүрсе де қолынан кітап түспейтін. Доссордағы кітапханадағы барлық кітапты оқып шыққан десем, артық айтқандық болмас. Алайда,



көз алдыма әкеледі. Динара мен Диастың бойларынан Абаттың еңбекқорлығын, мейірімділігін байқаймын. Артында өмірін жалғайтын ұрпақ қалғанына тауба етемін.

Қанатжан ДҮЙСЕНБЕКОВ, бала кезгі досы: Мектепте белсенді оқушы болуымен ерекшеленді

Абат екеуіміз 10 жылдық мектепте бірге оқыдық. Доссор кентіндегі «ВЛКСМ-нің 40 жылдығы» атындағы орта мектепте (қазіргі О.Сарғұланов атындағы білім ордасы) балалық

атқарды. Алайда, уақыт тауып, үнемі бізбен хабарласып, аманшылықты біліп отыратын. Ағайыншыл болатын. Жасының кішілігіне қарамастан, бәрімізді де сырттай қамқорлап жүретін. Жақсы әке де бола білді. Балаларымен әркез әңгімелесе білетін. Бүгінде тәрбиенің осал тұсын көпшілігіміздің балаларымыздан алшақтап көткендігінен іздеу керек қой. Абат үнемі іссапарда жүретін, жұмысы да уақытпен санаспай істейтін жауапкершілігі мол лауазым болды. Алайда, ол үнемі үйде балаларына, жұбайына уақыт таба білді.

Бүгінде балалары Асылан, Динара, Диас әкелерінен көрген өнегелі тәрбиені жақсы жалғап келеді. Абаттың бойындағы тамаша қасиеттерді бүгінде балаларының бойынан көргендей боламын. Әсіресе, баланың тұңғышы - Асыланның бісем, көрсем, танысам деген талпынысы бала кездегі Абатты

қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін. Ол кезде, өздеріңіз білесіздер, ауылдың ең құрметті адамы – мектеп мұғалімі. Мұғалімнің отбасы – өнегелі шаңырақтың бірінен саналатын. Біз осы деңгейден әркез табылуға тырыстық. Анамыз Дәметер мұнай өндіру операторы болып ұзақ жылдар «Доссормұнайгаз» басқармасында еңбек етті.

Абат мектепте сабақты өте жақсы оқыды. Әсіресе, физика, астрономия пәндерін тереңдеті, ізденіп жүріп оқитын. Сабақ үстінде апайына әртүрлі танымдық сұрақтар қойып, оны састыратын кездері де жиі болатын (апайы кейін күліп еске алған еді). Баланың кішісі болса да, үлкендермен санаспай үйдің барлық шаруасына араласып кететін. Доссорда қазақы үйде тұрдық. От жақтық, суды сырттан тасыдық. Осы шаруаның бәрі Абаттың мойнында болатын. Өте балажан еді. Ағасы Марат үйленіп, тұңғышы Лира дүниеге келгендегі

Сара НҰРСЕЙІТОВА, апасы: Біз үшін орны толмас қазы

Нұрсейітовтер әулеті үшін 2019 жылдың 12-ші қазаны мәңгілікке қара әріппен жазылып қалды. Дәп осы күні біз жанашыр бауырымыздан, жұбайы адал жарынаң, балалары асқар таудай әкелерінен оқыста көз жазып қалды. Інім Абат кенеттен өмірден озды. Жаны жайсаң, ағайынның арасында қабақ шытуды білмейтін, үнемі күлімдеп жүретін, қолынан келген көмекті аямайтын еді. Жасы кіші болса да, бәрімізді қамқорлайтын. Өзімен көп кіші туған бауырым туралы өткен шақпен айтамын деп ойлаптын ба, сірә...

Отбасымызда алты бала болдық. Мен – балалардың үлкенімін, менен кейін сңілдерім Роза, Майра, Светлана, інілерім Марат пен Абат, бәріміз тату естік. Әкеміз – мұғалім, орта мектепте

«өмірлік жолдамыз» ғой деп түйіндейтінбіз. Сол себепті, өмірдің жарқын кезеңдерін бірге өткізген Абат Нұрсейітов туралы естелік айту маған оңай емес.

Абат Нұрсейітов еңбек жолын қарапайым жұмысшылықтан бастап, мұнай-газ саласындағы қызметтердің жоғары буындарына сәтімен көтерілді. Әр түрлі лауазымды қызметтерде өзін өте жақсы қырларынан көрсете білді. Қандай жұмысты қолға алмасын ысылған іскерлігімен таныла білген өз ісін кәсіби маманы еді. «Құмкөл-Лукойл», «Торғай – Петролеум», «ЛУКОЙЛ», «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, «Самұрық-Қазына», «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да басшылық қызметтер атқарды. Еліміздің мұнай-газ саласына сіңірген еңбегі бағаланып, жоғары марапаттарға ие болды. «Құрмет» ордені мен бірнеше медальдар, Құрмет грамотасы, Алғыс хаттар - оның мұнайшылық кәсібіне берілген оң баға деп түсінеміз. Әділ баға, дер кезінде иесін тапқан марапаттар.

Мұнай-газ саласындағы әр деңгейдегі басшылық қызметтерде болғанда үнемі жаңаша ойлай білетін талантты жас мамандарды қолдап жүретін «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ға қарасты өңшлес мекемелерде «Жастар кеңесі» құрылып, барлық кәсіпорындарда жастар ұйымы белсене жұмыстарын бастап кеткен болатын. Бұл орайда арнайы декларация қабылданып, білімді жастардың компания жұмысына еркін де батыл араласуына серпін берген құжат болды. Жастардың жаңа қабілеттерін ашуға мүмкіндік берген маңызды жоба-тын.

Есімде жақсы сақталғаны, Абат Нұрсейітов басшылық еткен кездерде отандық компанияда қолға алынған тағы бір тың жоба - отбасылық құндылыққа ерекше мән берілген шара қолға алынды. Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы мұнайшы балаларының Нұр-Сұлтан қаласына арнайы сапарларын ұйымдастырып, жас буынға күн санап өсіп, көркейіп жатқан елордамызбен танысуларына мүмкіндік орнатқан еді. Бұл да балалардың бойында ата-аналарының жұмыстарына деген құрметін, сүйіспеншілік сезімдерін оятатын тәрбиелік мәні зор іс деп бағалаймыз.

Ол ерекше мейірімді жан еді. Қолынан келсе, барынша жұртқа жақсылық жасасын келіп тұратын Сабырлық, парасаттылық, еңбекқорлық, мейірімділік қасиеттердің бәрі оның бойынан табылатын. Ашық-жарқын көңілі бар. Жолдастарының табысына қуана білетін қолынан келсе қашанда көмекке өзін көң жүректі азамат еді.

Адамның өмірінде «дос» деген жақсы сөз бар. Әркімнің өмірінде талай достар кездеседі. Балалық шақ, мектеп, студенттік кезең, осылардың әрқайсысы да бізге жақсы адал достар сыйлай білді. Қатар жүрген жақсы сыйлас болған досың туралы өткен шақпен айту маған тым ауыр. Аппап азаматтың дүниеден өткеніне 1 жыл уақыт болыпты.

Адам баласы – осынау тіршіліктің қонағы, оны бәріміз де жақсы түсінеміз. Досымызды, әріптесімізді бүгінде сағынышпен еске аламыз. Оның жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталары еке.

Есен ҚАЙЫРЖАН, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.



Елге келгенде мені өзі іздеп, хабарласып, сонау артта қалған алғашқы еңбек күндерімізді еске алатын. Жолдастыққа, әріптестікке адал еді. Қолынан келген көмекті аямайтын. Әділетсіздікті көрсе шыдап тұра алмайтын. Бетке тіке айтатын қасиетімен бізге ауыр оқты. Қимас дос туралы ұнады. Мен оны «істің адамы» деп қатты сыйладым. Айтатын, айтқанын орындайтын. Құр уәде беру, кейін бітпейтін сылтаулар айту – оның болмысына жат еді.

Өндірісте шыңдалып, үлкен өмір мектебінен бірге өттік. «Абат өмірден озды» деген суық хабарды естігенде, еріксіз көзімнен жас шықты. Адал достан айырылғанымды сезсем де, жүрегім сенгісі келмеді. Маған ауыр оқты. Қимас дос туралы өткен шақпен сөйлеу қандай деп қатты сыйладым. Айтатын, айтқанын орындайтын. Құр уәде беру, кейін бітпейтін сылтаулар айту – оның болмысына жат еді.

Сәлімжан Нақпаев, Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары: «МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЕТУІНЕ – ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙЛАР»

Компания ішілік ахуалдың тұрақтануы – табысты еңбекке апарар жолдың бірі. Әңгімемізді осы ұжым ішілік байланыстан бастасақ.

- Ембі өндірісінде еңбек етіп жатқан 5 мыңға жуық адамға қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуіне барлық жағдайды жасау – компанияның ұстанған басымы бағыттарының бірі. Біздің күнделікті жұмысымыз осы бағыттың аясында топтасады.

Ұжым ішілік ахуалдың тұрақтануынан бастасақ, алдымен Компания тарапынан берілетін әлеуметтік көмектерге тоқталайың. Себебі, мұнайшының көңіл күйі оның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен өте тығыз байланысты. Әлеуметтік жағдайы жақсы адамнан табысты еңбек күтеміз.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2016-2021 жылдар аралығында бекітілген Ұжымдық шарттың талаптарын орындау үшін қызметкерлерге берілген әлеуметтік төлемдер 2019 жылы 1232,5 млн теңгені құрады.

Бұған қосымша, Отан қорғаушылар күні, интернационалдық борыштарын өтеген ауған жауынгерлеріне, Семей ядролық полигоны мен Чернобыль АЭС-да болған жарылыстың зардаптарын жоюға қатысқан қызметкерлер мен мүгедектерге – 32,3 млн теңге көлемінде;

Жақын туыстарынан айырылған немесе қызметкердің қайтыс болуына орай материалдық көмек ретінде 30,8 млн теңге және тағы басқа да мақсаттарға орай материалдық көмек үшін 2,3 млн теңге төленді.

Компанияда ұзақ жылдар еңбек етіп, Ембі өндірісінің дамуында сүбелі үлестері бар ардагерлерді ұдайы қамқорлыққа алу – біздің жұмысымыздағы басым бағыттардың бірі. Екі мыңнан астам ардагеріміз бар, олардың екеуі – Ұлы Отан соғысының ардагері, 95-сі – тыл еңбеккерлері.

Зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында ҚР мемлекеттік мерекелеріне орай ақшалай көмектер, жылына 1 рет газет-журналға жазылуларына, емделулеріне, қажетті дәрі-дәрмек сатып алуларына тұрақты көмектер көрсетіледі. Жалпы, 2019 жылы зейнеткерлерге 572 млн теңгеден астам материалдық көмек төленген.

- Жұмысшыдан табысты еңбек талап ету үшін оған алдымен жағдай туғызу маңызды. Өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың жұмысына қысқаша шолу жасасақ.

- Ембі өндірісі әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылып болған. Бүгінгі таңда оларды кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Тағы да нақты нәтижесін тапқан шараларға тоқталсам. Бүгінгі күні Қоғамға қарасты 50 жатақхана бар. Осы жатақханаларда бір ауысымда 2530-ға жуық адам жатады. Өткен 2019 жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Аққұдық кен орнындағы жатақхана күрделі жөндеуден өткізілді. «Доссормұнайгаз» басқармасына қарасты Алтыкөл кен орнындағы өртеніп кеткен жатақхананың орнына 50 орындық модульдік жатақхана алынды.

Ал, енді асханаға келетін болсақ, Ембі өндірісінде қазіргі таңда 32 асхана жұмыс жасап тұр. Осы асханаларда бір вахтада 2149-ға жуық адам тамақтанады. Өткен 2019 жылы «Жылыоймұнайгаз» басқармасына қарасты «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығындағы №1, №2 асханалары мен Аққұдық кен орнының асханасы күрделі жөндеуден өткізілді. Алтыкөл кен орнына 20 орындық модульдік асхана алынды.

Жалпы, бүгінгі таңда кен орындарындағы асханалар жұмысы бірқалыпты. Тәулігіне қажетті 3450-3600 калория тамақ жұмысшыларға сапалы беріледі.

2019 жылы жатақханалар мен асханаларға қажетті тауарлық-материалдық құндылықтар алынды. Қоғам өз қызметкерлерінің алаңсыз жұмыс жасап, демалуларына қажетті барлық мүмкіндікті жасайды. Сол сияқты қызметкерлеріміз де өз тараптарынан қоғам мүлкіне жанашырлық көзқараспен қараулары керек. Жатақханалардағы, асханалардағы сыңан мүліктер әлі де болса кейбір қызметкерлердің жауапкершіліктерінің төмен



екендігін көрсетеді. Мұндай келеңсіздіктерге болашақта жол бермеу үшін, біз әрдайым өзге еріптестерімізді жауапкершілікке, өзгенің еңбегін сыйлап-бағалауға үйретуіміз керек.

- Мұнайшылардың демалыс уақыттың тиімді ұйымдастыру бағытында қолға алынған жұмыстарды айта кетсек...

- Мұнайшылардың жұмыстан кейінгі демалыс уақыттарын тиімді өткізу, сол арқылы ішкі коммуникацияны нығайту мақсатында өткен жылы 23,7 млн теңгеге спорттық құрал-саймандар және 6,3 млн теңгеге музыкалық аспаптар алынды. Мұнайшылар арасында бұқаралық спортты дамыту жөні жақсы жолға қойылған. Спорттық шаралар да тұрақты өтіп тұрады. Мәселен, өткен жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты «Каспий самалы» вахталық қалашығында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрама командасын жасақтау үшін өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен орталық басқару аппаратында қызметкерлерінің арасында Спартакиаданың іріктеу кезеңі өтті. Спорттық шарада мұнайшылар волейбол, баскетбол, үстел теннисі, армрестлинг, шахмат, тоғызқұмалақ спорт түрлерінен өзара сайысқа түсті.

2019 жылдың ерекшелігі деп екі атаулы мерекені айрықша атар едім. Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен «Жастар жылына» орай Компания жастарының арасында бірнеше шаралар ұйымдастырылған болатын. Нақты жұмыстарға тоқталсам. «Бесікті» демалыс базасында Қазақстан мұнайының 120 жылдығы және Жастар жылына орай «Ембімұнайгаз» АҚ жас мамандары арасында жастар эстафетасы, «Каспий самалы» вахталық қалашығында өндірістік құрылымдық бөлімшелері мен орталық басқару аппаратының жас мамандары арасында «Брейн-ринг» интеллектуалдық ойыны жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қазақстан мұнайының 120 жылдығы аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің спорттық-мәдени кешенінде ембілік мұнайшылар арасында қазақша күрестен «Мұнайшы барысы» сайысы ұйымдастырылды;

Өткен жылы Компания тарихында алғаш рет велочеру ұйымдастырылды.

Ұжымда алғаш рет қолға алынған жобаның бірі – «Мұнайшылар демалысы» бағдарламасы іске қосылды. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі жатақханаларда жатып, ауысымдық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс уақытынан кейінгі бос уақыттарын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, корпоративті рухты қалыптастыру мақсатында жасақталған бағдарламада түрлі мәдени және спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Өткен жылғы нәтижесін тапқан тағы бір жақсы үрдістің бірі - әр аптаның жұма күндері өндірістік құрылымдық бөлімшелерде Мәдениет күндері өткізілді. Бекітілген кестеге сәйкес өндірістік құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері келіп, өз өнерлерін көрсетті. Ерекше көзге

түскен жеңімпаздардың қатысуымен Құрманғазы атындағы Мәдениет сарайында финалдық шара ұйымдастырылды. Осы бағдарламадан кейін біздің арамызда өнерлі мұнайшылардың көп екендігіне көзіміз жетті. «Өнер көзі – халықта» демекші, біз өз мұнайшыларымызды жаңа қырларынан көрдік. Өнер сайысы өте тартымды және қызықты өтті. Жеңімпаздар Гран-примен, жүлделі орындармен марапатталды. Мұның бәрі ұжым мүшелерінің бірлігің, біртұтастығын қалыптастыратын тиімді шаралар. Шараның негізгі стратегиясы да осы.

Биыл да бұл шаралар жалғасу керек еді, екіншіке орай, пандемияға байланысты спорттық, мәдени шаралар уақытша тоқтатылды. Алдағы уақытта карантиндік шектеулер алынып, еліміздегі эпидемиологиялық ахуал жақсарғаннан кейін аталған шараларды Қоғамға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі барлық жатақханаларында өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл өндірістік ұжымдарда шынайы еріптестік қарым-қатынастар орнап, жұмыста жағымды ахуал қалыптасуына, түптеп келгенде, олардың қызметінің тиімділігінің артуына ықпал етеді.

Жалпы, вахталық әдіспен ететін жұмысшының уақытының басым бөлігі вахталық қалашықта өтеді. Сол себепті, мұнайшылардың вахталық қалашығындағы, жатақханалардағы жағдай барынша жұмысшы үшін жайлы, демалысқа ыңғайлы болуы керек. Бұл тарапта басшылық мүмкіндігінше барлық жеңілдіктерді жасауда. Жарық бөлме, таза төсек-орың жуынатын жерлердің талапқа сай болуы үнемі бақылауда. Жұмыстан кейінгі демалыс мезгілін сапалы да тиімді өткізуі үшін керекті құрал-жабдықтар: спорт бұйымдары, музыкалық түрлі аспаптар алынды. 2019 жылы жатақханалардағы барлық музыкалық аспаптар толығымен жаңартылды. Домбыра, гитаралармен біре бұрын болмаған баян – музыкалық аспабы да алынды. Шахмат, дойбы, нарда құралдары жаңартылды. Столда ойнайтын 44 футбол құралдары да алынды. Жалпы, спорт мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Мысалы, соңғы 2-3 жылда барлығы 124 комнаталық әртүрлі дене-шынықтыру тренажерлары, 11 далалық тренажерлар комплекстері алынды. Жұмыстан кейінгі уақытты көңіл сергітерлік, әрі қызықты өткізу үшін 2019 жылы «Демалыс/Досуг» бағдарламасы жасақталды. Бұл бағдарлама спорт және мәдени тараулардан тұрады. Яғни, кешкі тамақтан кейін мұнайшылар спорттық жарыстарға немесе музыкалық кештерге қатысып, орын алғандары ұлғыланды. 2019 жылы осы Бағдарлама пилоттық түрде жаңа басталып, мұнайшылардың тарапынан жақсы бағаланып жатыр.

- Пандемия компанияның алға қойған жұмыс жоспарына кері әсерін тигізді. Уақытша туындаған қиындыққа бейімделуге тура келді...

- Иә, компания коронавирус кезінде

біраз шығындарын оңтайландырды. Осы жерде айта кететін мәселе, 2020 жылы жоспарланған көптеген жұмыстарды атқаруға, мәдени – спорттық шараларды өткізуге, жастар саясатын қолдауға және ауысымдық әдіспен жұмыс атқаратын қызметкерлердің жұмыс уақытынан кейінгі бос уақыттарын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, корпоративті рухты қалыптастыру мақсатында жасақталған шаралар үшін бөлінген қаражат қысқартылды. Оған себеп 1-шіден ден коронавирус инфекциясының (COVID-19) өршуіне байланысты әлемде қолайсыз эпидемиологиялық жағдайдың туындауы болса, екіншіден, мұнай бағасының күрт төмендеуі әсер етті.

Алайда, уақытша орын алған қиындықтарға қарамастан үстіміздегі жылдың өткен алты айында Ұжымдық шарттың талаптарын орындау үшін қызметкерлерге әлеуметтік төлемдер дер кезінде берілді, ол 207,0 млн теңгені құрап отыр.

Зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау жұмыстары да тоқтамады. Осы мақсатта 413,2 млн теңгеден астам қаражат материалдық көмекке жұмысалды.

2020 жылы да өндірістегі әлеуметік нысандарды жаңғырту жұмыстары жалғаса береді. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кенішіндегі №3 жатақхананы күрделі жөндеуден өткізу, Уаз кен орнына жаңадан 30 орындық модульдік асхана алу, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Гран кенішінде жаңадан 20 орындық модульдік асхана алу және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Қосшағыл кен орнына 20 орындық модульдік асхана алу жоспарлануда. Сондай – ақ барлық кен орындарындағы әлеуметтік нысандардағы көп жылдардан бері жер астында жатқан ауыз су қазандықтарының орнына жаңадан ауыз су қазандықтарын жасатып жер бетіне орнату және барлық жатақханалар мен асханалардағы апаттық жағдайдағы есіктерді «Антипаника» функциясы бар ашқыштар орнатылған есіктермен ауыстыру жоспарлануда.

Үстіміздегі жылдың алты айында коронавирус инфекциясының (COVID-19) Қоғамға қарасты кен орындарында өршуіне жол бермеу мақсатында дезинфекциялық, жеке қорғаныш құралдары мен басқада қажетті заттарды алуға 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Сонымен бірге, Атырау облысы көлемінде коронавирус инфекциясының (COVID-19) өршуіне жол бермеу үшін және осы инфекциямен ауырған тұрғындарға көмектесу мақсатында облыстық, аудандық әкімшіліктердің сұранысымен 300 млн теңгеге жуық демеушілік көмек көрсетілсе, заттай түрінде де медициналық мекемелерге көмектер көрсетілді. Оның ішінде медициналық мекемелерге қаржылай көрсетілген демеушілік көмектерге тоқталатын болсам, олар:

1. Атырау облыстық ауруханасына – 146,1 млн теңге;
2. Жылыой аудандық ауруханасына – 35,0 млн теңге;
3. Мақат аудандық ауруханасына – 20,0 млн теңге;
4. Исатай аудандық ауруханасына – 9,5 млн теңге;
5. №3 қалалық емханасына – 89,3 млн теңге.

Сондай-ақ, Атырау облысында эпидемиологиялық жағдайдың толықтай тұрақталғанға дейін қажетті заттарды алуға Атырау облысының әкімшілігіне 251,2 млн теңге демеушілік көмек көрсету жоспарланып отыр.

Ұжымдық шартқа сәйкес жұмысшыларымыздың 7-14 жас аралығындағы балаларының демалуына берілетін 150 000 теңгені қазіргі елдегі ахуалға байланысты оқушыларды қашықтықтан оқытылуына орай, компьютер/ноутбук/планшет алуға жұмсауға рұқсат етілді. Бұл бастама мұнайшылар тарапынан жылы қабылданып жатыр. Мұның барлығы - компания басшылығының қызметкерлердің алаңсыз жұмыс жасауына жасаған жағдайы.

-Сұхбатыңызға рахмет.

Тәттігүл Әбілова, отбасылық дәрігер: «ДЕНСАУЛЫҚҚА КҮЗ АЙЫНДА ЕРЕКШЕ КҮТІМ КЕРЕК»

**Себебі, күз мезгілінде, әсіресе,
қазан-қараша айларында тұмау дерті қозады**

Тұмау ауруы туралы не білеміз? Тұмаудың алғашқы белгілері бойда әлсіздік байқалады, тез шаршайсыз, тамақ ауырып, құрғақ жөтел пайда болады. Дене қызуы көтеріледі. Тамаққа тәбетіңіз болмайды. Аталған белгілер өз бойыңызда байқалысымен дереу дәрігердің қабылдауына жазылыңыз. Үй жағдайында, өз бетіңізбен ем алуға мүлдем болмайды. Дертті асқындырып аласыз.

Тұмауға қарсы екпе алу. Тұмаудың алдын алу үшін жыл сайын күз айларында екпе салғызу керек. Тұмауға қарсы вакцинаның тиімдісі- дерттің алдын алады. Алайда, вакцина алғаннан соң мүлдем тұмаумен ауырмаймын деген түсінік қате. Ауыруыңыз мүмкін. Ауыра қалған жағдайда, тұмау жеңіл түрде өтеді. Иммунодау облыстың барлық қалалық, аудандық емханаларда жүргізіледі. Профилактикалық екпе жүргізу алдында егілетін адамға міндетті түрде термометрия, сонымен қатар, жан-жақты дәрігерлік бақылау жүргізіледі. Егілген адамдар вакцинациялаудан кейінгі реакциялар мен асқынулар пайда болған жағдайда шаралар қабылдау үшін профилактикалық егулер алғаннан кейін 30 минут бойы дәрігердің бақылауында болуы керек.


Тұмаудың коронавирустан айырмашылығы неде? Күз мезгілінде тұмау, аллергия, тамақ ауруларының қозатыны белгілі болды. Былтырдан бері оған КОРОНАВИРУС қосылды. Енді тұмау мен пандемияның айырмашылықтарына тоқталсақ.

Әлемге COVID-19 атымен танылған ауруға шалдыққандардың алғашқы белгісі – денесі қалтырайды, қызуы көтеріледі, құрғақ жөтеледі, ауа жетпей жанталасып өнгіреді. Бұл белгілер басқа ауруларда да көрініс береді ғой деген орынды сауал туындауы мүмкін. Алайда, жоғарыда

аталған белгілерден басқа иіс сезбеу, тағамның дәмін білмеу сияқты белгілер байқалса, дереу отбасы мүшелерінен оңашаланып, арнайы дәрігерді шақыртыңыз. Коронавирус кезінде асқазан-ішек жолдарында да жайсыздық орын алады. Тамаққа тәбетіңіз төмендеп, жүрек айнып, құсқыңыз келеді. Іш өтіп, бойыңызды әлсіздік билейді. Егер өзіңіздің бойыңызда коронавирус белгісі бар деп күдіктенсеңіз, бірден емханаға бармаңыз, алдымен, үйге дәрігер шақыртыңыз. Міндетті түрде тест тапсырыңыз.

Тұмау кезінде де температура міндетті түрде көтеріледі. Тұмаудың басты ерекше белгісі – дене қызуының көтерілуі. Тұмаудың алғашқы сағаттарында дене температурасы 38,5-39°C-қа дейін көтеріледі. Егер сізде дене қызуы дәл осылай көтерілмесе, онда ол басқа вирустың салдарынан туындаған инфекция болып табылады. Онда бұл тұмау емес.

Тұмаудың жөуге мен одан сақтану жолдары. Тұмау – адамнан адамға ауа-тамшылы арқылы тарайтын жұқпалы вирусты инфекция. Қоғамдық жерлерде маска қолдану қажет. Таза ауада жиі серуендеу, саябақтарда жүру, тыныс – алуды реттеу, өкпенің вентиляциясын жоғарылатады, қан айналым жүйесін жақсартады. Жеке бас гигиенасын сақтау, жиі қолды сабынмен жуу және дезинфекциялық сұйықтықтармен сүрту. Үйді және жұмыс орнын жиі желдетіп тұру керек. Тамақтану барысында «С» дәрумені бар өнімдерді жиі қолданған жөн (лимон, бал, таңқурай және т.б.). Дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде жасап тұру керек. Күн сайын 2 литрден кем емес су ішіп, бұдан басқа фитошай, дәрумендерді де тұрақты қолданыңыз. Күз айларында күннің көзі азаятынын ескеріп, Д 3 дәруменін көбірек пайдаланған жөн. Бұл дәруменнің организмге керекті күннің



сәулесін алмастыратын өте пайдалы тұстары бар.

Сонымен қатар, тыныс алу жолдарына тұрақты гимнастика жасап отыру керек. Жалпы, спорт - өмір деген ғой, үнемі белсенді қозғалыста болу – денсаулықты нығайтудың бір жолы.

Дерттің белгілері анықталысымен бірден КТ, ПЦР тапсыруға жүгірмеңіздер. Әсіресе, КТ-ның адам денсаулығына пайдасымен қатар кері әсері де бар, күн сайын рентгенге түскенмен бірдей әсер өтеді. Өкпеге сұйықтық жинала бастаған қауіп сезілгенде ғана КТ-ға түсу қажет болады.

Созылмалы аурулары бар адамдарға тұмау дерті өте қауіпті. Сондықтан да, бұл адамдарға ерекше күтім керек. Сонымен қатар, 40 жастан асқан адамдарға күн сайын аспирин таблеткасының 4/1 бөлігін тұрақты ішіп отырған жөн. Себебі, бұл жаста адамдардың қаны қоюлана бастайды. Ескеретін жайт, асқазаны ауыратын (жара) адамдарға аспиринді тек дәрігердің келісімен ғана пайдаланған жөн.

«Тұмау кезінде қой малының

құйрықмайын пайдалану керек» деген ұғым халық арасында көп тарап кеткен. Бұл әдіспен жиі емделу бүйрек жұмысына қауіпті, қан құрамында холестерин мөлшерінің деңгейден асып кету қаупі бар екенін назарларыңызға беремін. Биылғы пандемия бастау алған уақытта- карантиндік шектеу шаралары кезінде жұртшылық «халықтық ем» деп қой малының етін көп тұтынып, «құйрықмай» әдісін жиі қолданған. Көптеген сарапшылар, холестериннің жоғарылау себептері шамадан тыс жиі тамақтану, теңгерімсіз тамақ, зиянды, майлы тамақ өнімдерін пайдалану, аз қозғалу және отырып істейтін жұмыс салдарынан болады деп санайды. Қандағы холестерин деңгейінің жоғары болуы қазіргі заманғы адамдардың көбін алаңдатады. Біз холестерин деңгейі жоғары тағамдарды тұтынғандықтан, ағзадағы холестерин шамадан тыс артады деп ойлаймыз. Сол себепті, қандай да ем әдісін қолданбастан бұрын алдымен дәрігердің кеңесіне жүгініңіз.

Ауырмаңыздар, дендеріңіз сау болсын!



Алғыс арқалаған Нәсіпқали

Әлемді шарлаған пандемия кезінде науқастар санының артуына байланысты елде, соның ішінде облысымызда ахуал күшейгені мәлім. Осы ел басына күн туған күрделі кезеңде қауіпті індетпен күресте жүрген дәрігерлерге көмекке еріктілер келді. Міне, мейірім мен ізгілікті тудыратын жандар қатарында әріптесіміз – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің жөндеуші-слесарі Нәсіпқали ДӘУЛЕТБАЕВ та болды.

Нәсіпқали Серікұлы індет кезінде өз көлігімен Атыраудан Доссор поселкесіндегі провизорлық стационарға оттегі баллондарын тасып, науқастардың сауығып кетуіне қолұшын созып жүрді. Сонымен қатар, өз қаражатына медициналық оттегі баллондарының тетіктерін (шланг), оттектік редукторлар, маскаларды сатып алып, емдеу орталықтарына жеткізген.

- Облыс орталығы мен Доссор арасына күн сайын жолға шығып, 1-2 рейспен шығып 20-25 оттегі баллонынан тасыдым. Кейін жергілікті халық бірінен-бірі естіп, жұмылып, қаражат жинай бастады. Аудандық әкімдік қызметкерлері де үлесін қосып, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нан көлікпен қамтамасыз етті. Сөйтіп, аудандық аурухананың медбикелеріне бір реттік

медициналық киімдер, маскалар, алып бердік, ауыз сумен қамтыдық. Кәсіпкерлер де арамыздан табылып, анти-септикпен қамтамасыз етуге көмектесті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, осы індеттен аман шығуға осылайша бірауыздан атсалыстық, - дейді әріптесіміз бізбен әңгімесінде.

Жуырда Мақат ауданының әкімі Ш.Кейкин халықтың ауыртпалығына ортақтасып, мұқтаж жандарға көмек қолын созған әріптесімізді Алғыс хатпен марапаттады.

Адам жанына араша түскен, қиын сәтте қолдан келген көмекті аямаған әріптесіміздің бұл қамқорлығы өзге де жандарға үлгі болары анық...



Қоршаған ортаны қорғау

Прорвалықтар аққуды құтқарды

Вахтадағы мұнайшылардың күнделікті жұмысында қызықты оқиғалар жиі орын алады. Міне, осындай жағдай Прорва кен алаңдары тобында көрініс тапты. Мұндағы Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы қызметкерлері өз нысандары аумағында қанаты сынып, ұша алмай қиналып жатқан аққудың балапанын тауып алған.

Прорвалық мұнайшылар балапанды бірнеше күн бойы тамақтандырып, күтім жасады. Кейін «Жылыоймұнайгаз»



МГӨБ басшылығының рұқсатымен «Каспий самалы» вахталық қалашығына жеткізіп, ембілік жұмысшылар оған жыртқыштардан қорғайтын қоршалған алаң салып берді.

Вахталық қалашықта 10 күн бойы күтімде болып, балапан едәуір күш жинап, су айдынын сағынғаны анық байқалды.

Оқиғаның жалғасын «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Қаз

БИСЕНОВ баяндады:

- Біз балапанды босату үшін оның бойына күш жинап, толықтай сауыққанын құттік. Дәл сол кезде Қамысқөл өзенінде бір топ аққу жүзіп жүргені туралы бізге ақпарат жетті. Біз аққу балапанын вахталық поселкеден шығарып, өзенге жібердік. Сол кезде балапанның үйіріне асыға жеткен сәтін, қуанышын көрсеңіздер! Жылыойлық мұнайшылар үшін киелі құстың өмірін құтқарып қалғанын сезіну – үлкен қуаныш.



А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, blog_emg@emg.kmgerp.kz электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана

Редакцияның мекен-жайы:

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77,

21-177. L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21;

21-121. G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09,

21-309 A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары;

С.Нақпаев - Басқарма төрағасының

жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының

экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру

департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны

қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Ақ Жайық» ЖШС

Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев қ., 71А

Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.